

## ҰСЫНЫС ХАТ

*Қызметкерді белгілі бір қызмет орнына ұсыну жөнінде басшыға жазылатын хат.*

**ЖШС «Фарм-Ко»  
өндірістік бірлестігінің  
директоры  
К.Тумановаға**

## ҰСЫНЫС ХАТ

**Құрметті Клара Дүйсенқызы!**

ЖШС «Фарм-Ко» өндірістік бірлестігінің кадрлар бөлімі «Сапа менеджмент жүйсі» бөлімінің қызметкері Алкешева Тамиланы 2016 жылдың 14 – 24 мамыр аралығында Астана қаласында өтетін білімін жетілдіру семинар-курсына жіберуді ұсынады.

Кадрлар  
бөлімінің басшысы

(қолы)

Өскенбаева П.

Қостанай жаңа технологиялық  
университеті  
Қазақстан Республикасы  
Қостанай қаласы  
Достық көшесі 224  
Тел: +7 727 256875  
Факс: +7 727 256879  
e-mail: [kosuniver@kos.kz](mailto:kosuniver@kos.kz)

Костанайский новый  
технологический университет  
Республика Казахстан  
город Костанай  
улица Достык 224  
Тел: +7 727 256875  
Факс: +7 727 256879  
e-mail: [kosuniver@kos.kz](mailto:kosuniver@kos.kz)

№ \_\_\_\_\_  
“ \_\_\_ ” \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

Қостанай жаңа технологиялық  
университетінің ректоры  
Мырзабаев Д.К.

***“Жасыл ел – жасыл өлке”форумы туралы***

**ҰСЫНЫС ХАТ**

**Құрметті Дамир Қалиұлы!**

2016 жылдың 2 наурызында Тараз қаласында «Жасыл ел – жасыл өлке» атты форумы жүргізіледі. Бұл форумы Еліміздегі экологиялық мәселелері қарастырылмақ.

Осыған орай, Туризм факультетінің 3 курс студенттері Мызақұлов Дастан мен Ақияқова Назгүлді форумға қатысатын депутаттар ретінде ұсынылып отыр.

**Университеттің жастар комитетінің  
төрағасы**

(қолы)

**А. Нұрқат**

Үштөбе гуманитарлық –  
технологиялық колледжі  
Қазақстан Республикасы  
Үштөбе қаласы  
Достық көшесі 224  
Тел: +7 727 256875  
Факс: +7 727 256879  
e-mail: [kosuniver@kos.kz](mailto:kosuniver@kos.kz)

Уштобинский гуманитарный –  
технологический колледж  
Республика Казахстан  
город Уштөбе  
улица Достык 224  
Тел: +7 727 256875  
Факс: +7 727 256879  
e-mail: [kosuniver@kos.kz](mailto:kosuniver@kos.kz)

**Талдықорған қаласының  
инновациялық – педагогикалық  
университетінің ректоры  
А.А.Амренов мырзаға**

Үштөбе гуманитарлық – технологиялық колледжінің оқытушысы  
Туркменбаева Ақнұр Әсетқызына

### **ҰСЫНЫС ХАТ**

Туркменбаева Ақнұр Әсетқызы, 1990 жылы туылған, «Шет тілі: екі шет тілі, негізгі – ағылшын, екінші - қытай» мамандығы бойынша 2011 жылы Қазақ шет тілдер және халықаралық қатынастар университетін бітірген.

2011 жылдан қазіргі уақытқа дейін Үштөбе гуманитарлық – технологиялық колледжінің оқытушысы қызметін атқарып жатыр.

Шет тілдер және іскерлік карьера университетіне «Экономика» мамандығы бойынша екінші жоғары білімін алуда.

Сонымен қатар 2015 осы уақытқа дейін «Жас ұрпақ» тіл үйрету орталығында оқытушылық қызметінде атқарып отыр.

Жалпы еңбек өтілі 5 жыл, педагогикалық қызметі 5 жыл.

А.Ә.Туркменбаева жоғары деңгейдегі маман, білікті педагог. «Экономиканың негізі» пәні бойынша мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде сабақтар жүргізеді. Жоғарыда айтылған пән бойынша ағылшын тілінде оқу әдістемелік кешенін құрастыруда ат салысты.

Осы кезге дейін А.Ә.Туркменбаеваның 3 ғылыми мақаласы басылып шықты.

А.Ә.Туркменбаева колледж студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде белсенді қатысуда. Соның ішінде, ағымдағы оқу жылында колледжіміздің 10 -жылдығына арналған төмендегі іс-шараларға белсенді қатысты:

- «Қазіргі таңдағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық өзекті мәселелері» атты дөңгелек үстел (*Желтоқсан 2015*).

- «Қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық модернизациялау өзекті мәселелері» атты халықаралық қашықтықтан өткен ғылыми-тәжірибелік конференциясы (*Мамыр 2016*).

А.Ә.Туркменбаеваның колледждегі жұмысы жауапкершілікпен, жоғары дәрежелі біліктілікпен сипатталады. А.Ә.Туркменбаева қызметкерлер мен әріптестер арасында бедел мен құрметке ие.

А.Ә.Туркменбаеваның колледж студенттерін тәнті ететін қасиеттерінің бірі олармен еркін – ашық, тең дәрежеде ой бөлісіп сөйлесе алатындығы.

Бүгінгі күнде өз бетінше «Білім берудегі инновациялық әдістер» тақырыбында ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу үстінде.

Колледждің және қалалық білім беру департаментінің барлық іс-шараларына белсенді түрде қатысты.

Осыған орай, А.Ә.Туркменбаеваны Талдықорған қаласының инновациялық – педагогикалық университетінің «Экономика» мамандығы бойынша магистратурасына ұсынамыз.

Үштөбе гуманитарлық – технологиялық  
колледжінің директоры

Д.С. Әуезбаева